

**Семинардың тақырыбы:** Баспасөз жанрлары: Мақала.Очерк. Шолу

**Семинардың мақсаты:** Баспасөз жанрлары: мақала, очерк, шолу түрлерімен танысу, олардың ерекшеліктерін талдау, пікір алмасу.

**Очерк** – шындықты саяси тұрғыдан қорытатын жанр. Оқырман очеркті оқып отырып одан адамдардың аты-жөнін, лауазымын емес, фактінің «психологиясын», оның ішкі жан-дүниесін ашатын қызықты әңгімені іздейтіні тағы талассыз. Очерктің негізгі түрлеріне талдау жасау міндетті де, маңызды мәселе. Қазақ әдебиетінде очерктің қалыптасқан, бір жүйеге түскен түрлері мен формалары бар. Әдебиет пен өнердің басқа жанрлары сияқты очерктің түрлері де тыңнан туып, дамып, өзгеріп, жаңғырып отырады. Бұны, әрине, жеке авторлар ойлап тапты деу қиын. Қоғамның дамуына, экономика мен мәдениеттің өсуіне сәйкес очерктің жаңа түрлерінің белең алуы, бұрыннан бар түрлердің кенжелеп қалуы да заңды құбылыс. Очерк түрлері жайында күні бүгінге дейін әдеби-зерттеу еңбектерде әрқилы пікірлер айтып жүр. Очерктегі диалог автордың ұшқыр қиялы, қиял қуаты арқылы шығарманың идеялық-көркемдік өрісін биіктете түседі. Очерк кейіпкері жазушы, не журналистпен дәл шығармада көрсетілгендей сөйлеспеуі мүмкін. Алайда, автордың суреткерлік құбылысты қарымына орай очерктің тілі мен стилінде өзіндік ерекшеліктер болатыны аян. Очерк тілі – бейнелі, айшықты, жатық, қарапайым, қалың көпшілікке түсінікті болуы шарт. Сондықтан очерктің де түрлері бар. Олар: портреттік очерк, проблемалық очерк, жолсапар очерк және суреттеме очерк. Енді жеке-жеке қысқаша тоқтала кетейік.

**Портреттік очеркте** қызықты, адамның назарын аударарлық жайт жөнінде әңгіме етіледі. Портретті очерктің міндеті – кейіпкердің жанды кескіндерін суреттеп беру, оның көрсеткен ерлігі туралы, оның істеген, өмірге енгізген жаңалықтары туралы хабарлау.

**Проблемалық очерк** түрінің негізі – әлеуметтік маңызды мәселелер. Мысалы, саясат, экономика, имандылық, этика т.б. Очерктің авторы маңызды проблемалардың шешуіне ықпал жасауға тырысады, өзінің оппонентімен полемикаға түседі. Логикалық құрылымға қарай проблемалық очерк аналитикалық жанрларға жақын, мысалы, мақалаға. Бұл ұқсастықтың себебі – зерттелінетін проблеманың мәртебесі. Мақала мен проблемалық очеркте автор проблеманың себебін ашуға тырысады, оның бағытын болжамдайды, шешуші жолдарды анықтайды.

**Жолсапар очерк** – бұл автордың сапар кезіндегі оқиға немесе кездесулерінің суреттелуі. Бұл жанр авторға қиял мен әдеби шеберлікті қолдануға көбірек мүмкіндік береді. Басты проблема – ақпаратты сараптау, себебі сапардан кейін көп әсерлер қалады, алайда, олардың қайсысы қызықты, қайсысы

маңызды екенін түсіну қажет. Жолсапар очерктің бірнеше мақсаты бар, мысалы, әртүрлі елдегі адамдардың өмірін көрсету т.б.

**Суреттеме очерк** – мұнда кейіпкер мен ұжым бейнесін ашатын өмірбаяндық бірер ғана емес, нақты факті алынады. Оны көрсетуге очерк табиғаты суреттеудің очерктік жүйесі қолданылады. Ол болған оқиға, орын алған фактімен оперативті түрде жазылады.

Қазақ әдебиетіндегі очеркке қалам тербеген жазушылардың өзіндік жазу стилі бар. Мысалы, Сәбит Мұқанов баяндау тәсілін жиі қолданады. Ғабит Мүсірепов очерктерінде ұшқыр ой түйіндеулер, шешендік сөздер көп. Мұхтар Әуезов табиғат суреті мен адам бейнесін мүсіндеуге ұста. Ал Әзілхан Нұршайықовта оқиға желісі белгілі бір жүйемен өрбіп отырады. Әрі очерктері оқырманын өзіне еліктіріп, жетелеп отырады. Тілі қарапайым, жалпы оқырманға түсінікті. Жазушы очерктерінің қызықты болуының тағы бір сыры – ол кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесінің қатпар-қалтарыстарына терең үңіле біледі. Оны адами көзқарастар безбенімен саралайды. Академик Зейнолла Қабдолов: «Әзілхан Нұршайықовтың очерктері жалықтырмайды, қызықтырады, жеңіл оқылады. Мұның бірнеше себебі бар... Осы ерекшеліктер Әзілхан Нұршайықовты әдебиетке келген бетінен бастап-ақ біртүрлі соны қалыпта танытқан-ды», – деп баға берген екен. Жазушының бұл жанрдағы сүбелі еңбегі – баға жетпес құнды дүние.

### **Мақала**

Мақаланың негізінде не жатады? Дерек пен жекелеген оқиға жатады, олар кең ауқымды құбылыс ретінде қарастырылады. Нақты деректер, оның тууына негіз болған құбылыстармен байланысқа түседі. Мақалада деректер автордың ойын жеткізу құралы ретінде қолданылады. Автордың көзқарасы, оның түйіндері кең ауқымды орынға ие және нақты дерекке негізделген жалпылама жинақты құрайды. Мақаланың ерекшелігі оның бір ғана нақты ойды дамыта түсуінде жатыр. Логикалық ой мен дәлелдердің мақсаттылығы, сөйлемдер мен түйіндердің нақтылығы басты назарда болады. Мақаланың мәні ассоциация мен түйіндерден құрылатын автордың ойында жатыр. Сатылай келе тезистердің көмегімен автор оқырманды өзекті мәселеге жақындата түседі. Содан кейін өзінің дәлелдерінің логикалық тізбегін келтіріп, автор оқырманды өз ойының дұрыстығына иландыруға тырысады. Алайда, автор тек қана дәлелдердің логикасына ғана мән беріп қоймайды. Ол эмоционалды әсердің құралын пайдаланады. Журналистика теориясында мақала жанрының бірнеше анықтамасы бар. В.Д.Пельт ұсынған анықтамада: «Мақала – маңызды әлеуметтік мәселеге байланысты туған деректі ойды танытатын публицистикалық жанр» – деген тұжырым ұсынады. Мақала – публицистикалық зерттеудің пішіні. Сонымен қатар, зерттеушілер мақаланың түрлерін де әр қырынан қарастырған. Н.М.Хлынов мақалаларды: насихаттық, проблемалық, сахналық, жалпылама, сыни, ақпараттық, публицистикалық (публицистикалық комментарий, публицист заметкасы)

деп бөлсе, В.Д.Пельт мақаланы мынадай түрлерге бөледі: насихаттық, проблемалық немесе сыни, публицистикалық, ақпараттық. А.А.Тертычный мақаланың тұрақты пішіндеріне тоқтала отырып, былай жіктейді:

1. Жалпы зерттеу мақаласы
2. Тәжірибелік-сараптамалық мақала
3. Полемикалық мақала

Қазіргі газеттің басқа жанрлары сияқты мақала да үздіксіз дамып, жетіліп отырады. Газет публицистикасындағы мақалаға уақыт көп өзгеріс әкеліп, жаңа түр берген. Мақала сол түрленушіліктен кенде емес.

**Газет публицистикасында мақалалардың мынадай түрлерін байқауға болады:**

1. *Ақпараттық мақала*
2. *Проблемалық-сараптамалық мақала*
3. *Теориялық мақала*
4. *Публицистикалық мақала*

Мақаланың бұл түрлері зерттеушілердің бұрын да атап кеткен үлгісі екені рас. Бұл бұрын болған мақала түрлерінің уақыт өте жоғалып кетеді деген ойды білдірмейді. 1980 жылдардың екінші жартысында болған қайта құру кезеңінде газет беттерінен бас мақала жанры мүлдем түсіп қалды. Бас мақаланың орнына газет беттерінен «Публицист заметкасы», «Публицист комментарий» сияқты айдарлар көріне бастады. Алайда, жанрдың бас мақала түрі жоғалғанымен, оның газеттен біржола кеткендігінің көрінісі емес. Яғни, бірнеше жылдар өтісімен бұл түрдің мерзімді басылым беттеріне қайта оралуы ықтимал. Сонымен, мақала өмірді зерттеудің публицистикалық үлгісінің бір пішіні. Ол журналистен нақты шеберлікті, соның ішінде зерттеу, қорыту, түйіндеу, авторлық ойдың дұрыстығын дәлелдеу сияқты қасиеттерді талап етеді. Сонымен қатар, автор мақаланың жанрлық-стистикалық ерекшеліктерін жетік біліп, оның композициялық құрылымын шебер қолдануды меңгеруі керек. Мақала сараптамалық жанрдың ең күрделі түрі. Қазіргі таңда ол сапалы мерзімді басылымдардың бетінен түспейтін құндылыққа айналған жанр. Нөмірдің «шегесі» де мақала болып есептеледі. Қорыта айтқанда, мақалада қоғамның маңызды, қиын мәселелерін зерттеп, қарастырып, оның шешімін табу жолына бағыттау жағы басым түсіп жатады. ***Баспасөздегі мақала*** – оның бағытын айқындайтын публицистика жанрларының маңызды түрі. Мақала автор, редактор, баспагердің көзқарасын айқындайтын жанр. Мақаланың мақсаты корреспонденциядағыдай емес, оған көзқарастардың ауқымдылығы мен жалпылау тән.

**Мақала** – публицистика жанрының бір түрі. Публицистиканың бұл түрінде әлеуметтің ең маңызды, мәнді тақырыбы, мазмұны толық, жан-жақты терең зерттелген, барлық құбылыстардың, іс-оқиғалардың талдауы, деректерге негізделіп жазылуы керек. Сондай-ақ, мақалада оқиғалар мен деректердің дұрыс құрылған бірегей талдауы негізінде автордың өзіндік көзқарасы, пікірі көрінеді. Мақалада айтылған жағдайға байланысты ашылған дәлелге негізделген, оның мәтіні ережеге сәйкес кіріспе және қорытынды бөлімнен, шешімі мен ұсыныстан тұратын анық логикалық байланысқа құрылған мәліметтер негізінде жазылуы тиіс. Мақала – публицистика жанрының ең күрделі түрі.

**Мақаламен жұмыс.** Журналистің мақаламен жұмысы – кезеңдер қатарынан құралған ұзақ еңбек. Мақаланың атын таңдау қоғамның қажеттілігі мен ағымдағы саяси-әлеуметтік конъюнктурасымен себептеледі. Материалды жинақтау үнемі жүргізіледі.

Атақты публицистер өмір бойы жазбалар мен бақылауларын жазып отырған. Мақаланың сәттілігі автордың тақырыпқа қызығушылығымен, логикалық ойлау мен сараптауға қабілеттілігімен, материалдарды мұқият зерттеуімен және білімінің кеңдігімен (әрине баяндау шеберлігімен қатар) сипатталады.

Мақаламен жұмыс істеу тәжірибесінде зерттеудің басқа да тәсілдері бар. Ақпарат жинауға, құжаттарды зерттеуге, сауалдар мен басқа дайындық кезеңінің элементтеріне ерекше тоқталған жөн. Жұмыстың әрбір кезеңіндегі және мәтін жазу алдында жағдайдың сипаттамасы маңызды болып келеді.

**Жалпы мақаламен бүкіл жұмыс төрт негізгі кезеңге бөлінеді:**

**1.Тақырып таңдау.** Журналистің жеке қызығушылығы мен әлеуметтік қажеттіліктен туындайды.

**2.Материал жинау.** Бұл деталізация мен жеке зерттеуді талап ететін айтарлықтай ұзақ үрдіс.

**3.Әдеби өңдеу:** мәтіннің жазылуы мен алдын ала редакциялануы. Редакцияның талаптарын ескеріп, белгілі бір оқырман аудиториясына бағытталуы қажет.

**4.Мәтіннің безендірілуі:** соңғы редакциялану, жинау, түзету, қажет болса иллюстрацияларды қоса беру.

Өзекті мәселе қоғамда көп кездеседі. Журналист оған қоғамның назарын бірінші болып аударуы мүмкін, немесе мәселенің қоршаған шындықпен ешкім сезіктенбеген байланысын табу, немесе оны шешу жолдарын ұсынуы

да ықтимал. Кез келген әлеуметтік маңызы бар мәселе журналистиканың бөлігі болып табылады.

Қоғамдық мәселе журналистік зерттеуге дейін «өз ішінде» деген екі ұғымды қалыптастырады. Ол ақиқат арқылы өмір сүреді, бірақ ішінде не жатқаны мен сыртқы ортамен байланысы – ешкімге белгісіз. Осыны ашу – журналистің міндеті.

**Қоғамның өзекті мәселесін зерттеу үрдісі төмендегідей бөліктерден тұрады:**

1. Дерек пен құбылысты белгілеу.
2. Маңызды мәселені тұжырымдау.
3. Материалды зерттеу.
4. Мәселенің жағдайы, даму барысымен жете танысу.
5. Зерттеу барысында кездесетін кедергілерді білу.
6. Мәселенің біржолата шешілуі.
7. Қорытынды тұжырымның өзекті мәселесі және оны шешудің жолдарының көрсетілуі.

Әрине, бұл қатып қалған қағида емес. Әрбір нақты жағдайда оған түзету енгізуге болады. Алайда болашақ журналист осы қағидаттармен жұмыс істей білуі тиіс. Мақала – бұл өмірлік-маңызы бар құбылыстар туралы жазылған материал. Деректер мақалада негізгі рөл атқарады. Мақалада мәселе және құбылыс маңызды. Онда аргументация, әрекеттердің мотивациясы толығымен қолданылады, барлық мәтін түрлері пайдаланылады: баяндау, суреттеу және ой қосу да орын алады. Мақаланы шартты түрде былай бөлуге болады:

1. Үздік - бұған дәйектілік негіз болады.
2. Үгіттеу - мұнда үгіттеу маңызды әдіс болып табылады.
3. Таза ғылыми және ғылыми-танымдық мақала.
4. Проблемалық мақала – автордан мәселені жан-жақты, терең зерделеуді, бастамашылдықты, батылдықты талап етеді.

В.В. Ворошилов: «Мақаланың ерекше түріне әртүрлі оқиғаларға жедел үн қосып, оларға түсінік беруге және бағалауға мүмкіндік беретін публицистикалық түсініктемені жатқызуға болады» – дейді. Газет бетіндегі әртүрлі мәтіндер «мақала» терминінің мағынасына топтасқан. Қорытындылай келгенде, мақаланың мынадай түрлерін атауға болады: **жалпы теориялық, тәжірибелік-талдамалық, ғылыми-көпшілік, полемикалық, бас мақала т.б.**

**Жалпытеориялық мақала** қоғамдық дамудың жаһандық сұрақтарына жауап береді.

**Тәжірибелік-талдамалық мақала** қоғамдағы нақты жағдайлар мен үрдістерді талдауға бағытталады.

**Ғылыми-көпшілік мақала** ғылым саласындағы сұрақтарға түсінікті тілде жауап береді.

**Полемикалық мақала** автордың өз қарсыласына сәйкестендіріп құрған пікірталасын бейнелейді. Пікірталас қоғамның дамуына қатысты сұрақтарға жауап беретін жаһандық деңгейде, жеке проблема мен жауап берушінің көзқарасын білдіретін түрі.

Мақаланың ескі түрі – **бас мақала** – айқын насихаттық сипатта жазылады, қоғам алдында тұрған негізгі міндеттерді және олардың шешілу жолдары тұжырымдайды.

Мақала материалдың кең көлемде талданатындығымен ерекшеленеді. Егерде корреспонденция жазу барысында журналист жалқыдан жалпыға ұмтылыс жасаса, мақалада, керісінше, жалпыдан жалқыға талпыныс жасалады. Зерттеушілер мақалаға тән белгілері мен міндеттерін ескере келе, мақаланың жазылу деңгейін төмендегідей етіп бөледі.

**Мақала авторының алдында мынадай міндеттер тұрады:**

1. Мақаланың өзектілігі мен маңыздылығына мән беру, тақырыптың мағынасын ашу.
2. Қоғамдық мәселеленің шешілу жолдарын көрсету, талдау жасау.
3. Жалған ақпарат беруден, жала жабудан аулақ болу.

**Мақаланың белгілері:**

1. Әртүрлі құбылыстардың бір-бірімен өзара байланысы.
2. Салыстыру, бағалау, түсіндірме, толықтырулар мен болжамдардың, яғни талдамалы-жинақтау әдістерінің қолданылуы.

3. Коммуникативтік құралдардың қолданылуы.

4. Болған оқиғаның кешегісі мен бүгінін салыстырмалы түрде байланыстыру.

5. Мақаланың қарапайымнан күрделіге, белгіліден белгісізге құрылуы.

Объектінің мақалада көрінуінің бірінші кезеңі – онымен танысу. Бұл жағдайда берілген мәліметтердің топтамасы мен типология әдістері қолданылады.

Түсіндірменің екінші кезеңі – түсіндіру, яғни себеп-салдарлық байланыстарды көрсету.

Түсіндірменің үшінші кезеңі – болжам жасау. Мұнда сарапшы бағалауларының әдісі, экстраполяция әдісі, сценарий әдісі қолданылады.

Түсіндірменің төртінші кезеңі – баға. Тікелей авторлық баға, сарапшы бағалауының әдістері қолданылады.

Түсіндірменің бесінші кезеңі – қалыптасқан шарттар негізінде журналистің ұсынған іс-әрекетер бағдарламасы. Белгілі бір құндылықтарға ие бола отырып, өз мақсатына қалай жетуге болады, немесе мақсатқа жету үшін қандай құндылықтарды пайдаланған жөн. Мақаланың *композициясы* автордың зерттеу әдісінің қандай түрін тандап алатынына байланысты. Стилистикалық ерекшеліктеріне келсек, мақаланы екі үлкен топқа бөлуге болады.

1. **Ғылыми стильге бейімделген мақала.** Бұл сипаттағы мақалалар тілінің нақтылығымен, терминдердің молдығымен, автордың ойлау тереңдігінің логикалық сипатын айқындайтын және ақпаратты «қосуға» мүмкіндігі молдығымен ерекшеленеді.
2. **Еркін көсілуге болатын мақала.** Мұндай мақалаларда авторлық «мені» белсенді жұмыс істейді, көркемдік бейнелеуіш құралдар, троп түрлері, ауызекі сөйлеу лексикасы еркін қолданылады. Жай сөйлемдер мен жалғаулықсыз байланыстар саны едәуір ұлғаяды.

**Бас мақала.** Газет пен журналдың кезекті санының алғашқы беті қоғамның ең маңызды мәселесіне арналады. Бұрын Кеңестер Одағының Коммунистік партиясы «қоғамның басқарушы, бағыттаушы күші» болғандықтан, орталық органның газеті «Социалистік Қазақстанның» әр санында шеткі, сол жағына **бас мақала** жарияланып тұрды. Бас мақала сол жылдардағы қоғамның саясат, экономика, қоғамдық саясат, экономика, қоғамдық қатынастар, мәдениет, заң, адамгершілік т.б. аясына арналады. Кейде сондай мақалалар қоғамдық мекемені басқаруға арналған зерттеуді қажет ететін күрделі

мәселелерді шешуге арналғанымен, қоғамдық пікір туғызған жағдайлар да кездесіп отырған. 1980-ші жылдардың облыстық және республикалық газеттердің алғашқы бетінде бас мақала жазуды үрдіске айналдырған. Кейіннен бұл жанрдың қоғамдық маңызы жойылып, қайта құру жылдары газет беттерінен алынды. Дегенмен, жанрдың шындық бағасынан гөрі, күні біткен қоғамның ескірген тәртібі бас мақала арқылы оқырмандардың наразылығын туғызды. Осы жанр арқылы редакция өткен жағдайларға талдау жасап, өзінің іс-әрекеттерінің (тоқсандық, жылдық, бесжылдық т.б.) қорытындысын шығаруға, болашақтың жоспарын құруға пайдаланды. Журналдардағы бас мақала кең көлемде жазылады. Жылдың алғашқы нөмірінде өткен жылдағы оқиғаларға баға беру, келешектің жоспары, басылымның алға қойған мақсат-міндеттерін хабарлау негізінде жазылып жүр.

**Проблемалық мақала** қазіргі таңда кең қолданысқа ие. **Проблемалық мақала** экономика, саясат, мәдениет, ғылым, білім, адамгершілік, заң, экология т.б. қоғамның барлық саласын қамтиды және әртүрлі тақырыпта жазылады. Мақаланың бұл түрінің негізі – барша халыққа мәлім, қоғамда шешуді талап ететін мәселелерде жатыр. Егер елде инфляция, жұмыссыздық, заң бұзушылық кең етек алса, жалпыхалықтық мәдениет өзінің шындық бейнесін жоғалтса, онда халықтың өмір сүру деңгейінің төмендейтіндігі белгілі. Нақты, анық, еліміздегі маңызды деректерге сүйенсек: зауыттардың жұмысы (жалақы төленбей кешіктірілсе, мықты мамандар жұмыстан кетсе) тоқтайды. Бұдан қандай қорытындыға келеміз? Қоғамға себеп-салдар, шешім мен ұсыныстардың қайнар көзі керек. Мақалаға «кім?», «не?», «қайда?», «қашан?», «қандай?» т.б. қойылатын сұрақтар жеткіліксіз. Негізгі «кім кінәлі?», «не істеу керек?» деген маңызды сұрақтар қажет. Журналистердің міндеті – зерттеу жүргізу, қиындықтардың көп тармақты себебі мен салдарын, туындаған күрделі мәселелерді анықтап, шешудің жолдарын табу проблемалық мақаланың міндеті.

**Теориялық мақала.** Мақаланың бұл түрінің мазмұны қоғамның саяси, экономикалық, мәдени дамуын және оның қазіргі жағдайына өзіндік көзқарасына, тарихи өсу тәжірибесіне ғылыми-теориялық жағынан талдау жасаудан құралады және газет-журналдарда, арнайы салалық басылым беттерінде жарияланады. Барлық тақырыптық бағыттағы мақалалар тартылады.

**Ақпараттық мақала.** Бұл атау үлкен қарсылық тудыруы мүмкін. Біз жоғарыда мақалада дәлелдеу, талдау және зерттеуге байланысты мәлімет



бере кеттік. Енді корреспонденцияға келейік, онда тек қана сараптамалық талдау ғана емес, ақпараттық талдау болса, ол кеңейтілген, тереңдетілген ақпараттық мақала болуы мүмкін. **Ақпараттық мақала** – мазмұны кең көлемде талданған, анықталған оқиғалардың деректеріне негізделеді. Сонымен қатар, қоршаған ортада барлық болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды бір-бірімен тығыз байланыста талдануымен маңызды. Ақпараттық мақаланың мақсаты – оқиғаларды жедел хабарлау емес, әлеуметтік маңызы бар оқиғалардың мәнін аша отырып хабарлау. Тек хабарлау емес, кең көлемді мақалалар жазу, ақпараттық хабарлар дайындау, ситуацияға қатысушы жаққа қатысты деректер мен дәйектерін зерттеулерді ұсынуы керек.

**Мақала-зерттеу.** БАҚ туралы заңның қабылдануымен редакциялардың қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларды дербес зерттеу жұмысын жүргізу мүмкіндігі туды. Көп жағдайлармен күрделенген, деректердің жинақталуы мен талдануын, мол құжаттардың зерттелуін, үлкен көлемдегі түрлі қалалар мен тіпті мемлекеттерде адамдардан сұхбат алуды талап ететін жағдайлары жөнінде сөз қозғалып жатыр. Сонымен бірге, осындай жұмысты кейде қысқа мерзімде өткізуге болады. Әрине, бір журналист кәдімгі мақаламен жұмыс істеу шеңберінде осындай жұмысты атқаруы мүмкін емес. Осы кезде сараптамалық орталық (немесе сараптамалық топ) іске кіріседі. Ақпараттың жинақталуы мен талдану нәтижесі мақала- зерттеу немесе осыған ұқсас мақалалардың сериясы болуы мүмкін.

**Мақала-зерттеу** – жан-жақты, кешенді, ағымдағы өмір, өткен жылдардағы қоғамдық маңызы бар оқиғаны зерттеуге негізделген мақала түрі. Мақала-зерттеудің тақырыбы редакция пікірінше ресми органдар мен жеке БАҚ-тан толық емес және қате жария етілу салдарынан көбірек объективті, терең, мұқият қарастырылуға тиіс оқиғалар болуы мүмкін. Сонымен қатар, сөз көп жылдық тарихы бар оқиғалар жөнінде болуы да ықтимал. Мұндай мақалалардың мақсаты – шындықты ашуға талпыныс, әділдікті қалпына келтіру.

**Мақала-зерттеудің** авторы – авторлар тобы немесе ұжымдық зерттеуді пайдаланатын бір журналист те бола алады. Дегенмен, осындай мақалалар кейде авторы көрсетілмей, редакциялық болып беріледі.

Ең бір көрнекі мақала-зерттеуге мысал ретінде, бірнеше ай бойы басылған Оңтүстік-Кореялық ұшақтың 1983 жылғы қайғылы апат болуына арналған жарияланымдардың топтамасын алуға болады. Бүкіл әлемдік баспасөзде бұл туралы көп жазған болатын, бірақ кеңес үкіметі, сол кездегі тәуелсіз емес баспасөз әлемдік БАҚ-ның деректері мен ақпараттарында қайшылықтар көп болды. Бұл халықаралық шиеленістің себепшісі болды. Бұл шиеленісті жою үшін аталған оқиғаны қайтадан қарауды қажет етті. Мұнымен «Ивестия»

газетінің сараптамалық орталығы айналысып, көлемді мақала-зерттеу жариялаған болатын.

Мақала-зерттеу бұрынғы және қазіргі тарихпен байланысты оқиғалардан басқа, жоғарыда көрсетілген мысалдай әртүрлі себептерге байланысты мәселені қозғауды, оның өңделуін, ақпаратпен қамтамасыз етілуін немесе теорияландыруын талап етпей, оның тергеуін талап ететін деректерге арналуы мүмкін.

Ресейдің «Литературная газета» басылымында соңғы жылдары бұл жанрдағы материалдар жарияланатын «Расследование «ЛГ»» мақсаттық жолағы енгізілген. «Известия» газетінде мақала-зерттеулер көп жарияланады.

## Шолу

Шолудың жанр ретінде қалыптасып, дамуы ХІХ ғасырдың екінші жартысында басталды. Тарихшы және журналист Н.М.Карамзиннің «Вестник Европы» (1802-1803ж.ж) еңбегіндегі саяси шолу жанры сол кездегі орыс қоғамына сілкініс әкелген құбылыс болды. Декабрист жазушы А.А.Бестужевтің шолулары сол заманда көп оқылған екен. Көптеген шолудың түрлерін В.Г.Белинский, Н.А.Добролюбовтің еңбектерінен кездестіруге болады. Өткен мыңжылдықтың ұлы сыншылары Н.А.Добролюбов, В.Г.Белинский шолу жазып қана қоймай, өздері осы жанрдың теориялық негізін жасады. «Отечественные записки» журналындағы жылдық шолулар сол кезеңдегі ерекше құбылыс деп бағаланды. ХІХ ғасырдың шолу еңбектері талантты және даралық сипатта болған. Алайда, өткен ғасырдағы шолудың бір ерекшелігі болды, олар өздерінің белгілері бойынша журналдық шолу болып есептелді. Журналистік мамандықтар қатарында репортёрден, комментатордан кейінгі орынды шолушы алады. Бұл қызметтің болуына телевизия тәжірбиесіндегі жанрдың спецификалық берік қабылдануына тікелей қатысты.

***Мерзімді баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарына шолу.*** Қазақ басылымдарында бұл жанрдың пайда болуы ХІХ ғасырдан бастау алады. Оның нақты қалыптасуы мен дамуы және тұрақталуы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарымен тұспа-тұс келеді. Баспасөздегі шолудың жарқын үлгілерін сол кезеңдерде шығып отырған «Дала уәлаяты», «Түркістан уәлаяты» басылымдарынан байқауға болады. Шолу біздің ғасырымыздың басында белең алған революциялық-демократиялық, большевиктік баспасөзде кең етек жайған. Бұл жанрдың жаппай дамуы кеңес дәуірінде болды десек те болады. Баспасөзге шолу сол кездері партиялық баспасөзді басқаратын әдіс ретінде қолданылды. ***Шолу*** ұғымы бұл жерде «***қарастыру***», «***ой қорыту***» деген мағынаны білдіреді. В.Д.Пельт: «Баспасөзге шолу мерзімді басылым мен газет журналдардағы маңызды мәселелерді қарастырып, сараптама жасау, баға беруді көздейді» – дейді. Қазіргі кезде БАҚ-қа шолу басылымның

немесе телерадио бағдарламаларының ерекшеліктерін зерттеу мен аудиторияны басылыммен таныстыру әдісі ретінде пайдалану кеңінен етек алған. Баспасөзге шолу мерзімді басылым, жалпы БАҚ-ты ақпараттандыру мақсатында сараптама жасау, жетістіктерін көрсетуді мақсат етеді.

**Зерттеушілер БАҚ-қа шолудың мынадай үлгілерін атап өтеді.**  
С.И.Жуков: а) тақырыптық; б) жалпы; в) газет пен журнал беттеріне шолу; г) соңғы поштадан.

В.Д.Пельт: а) тақырыптық; б) жалпы; в) ақпараттық шолу.

А.А.Тертычный: а) презентациялық шолу; б) тақырыптық шолу;

в) мекенжайсыз шолу деп бөледі.

Қазіргі баспасөзде шолудың көп кездесетін **жалпы, тақырыптық, ақпараттық шолу** сияқты түрлерін атап өтуге болады. Олар қазіргі таңда белең алған шолулардың көрінісі. Баспасөзге шолу басқа сараптамалық жанрлармен бірге қоғам өмірін зерделейді. Нақтырақ айтсақ, қазіргі баспасөздің дамуын көрсетеді.

**Шолу** – сараптамалық жанрдың дәстүрлі берік түрі. Оның негізгі ерекшеліктеріне тоқталған жөн. Біріншіден, ол фактологиялық жағынан қатаң жанр, себебі, ондағы деректер автордың мақсатына орай таңдалып, топтастырылады. Екіншіден, шолушы деректерді өзара байланыстырады, біртұтастықта қарайды. Үшіншіден, шолуда материалды жан-жақты, кең зерттеуге мүмкіндік беріледі. Комментарийде оқиға немесе дерек үлкен рөл атқарады. Төртіншіден, шолудың материалы хронологиялық шеңбермен қысқартылады. Бұл жанрдың құралы – қоғамдық оқиға, ал мақсаты – оқырман, тыңдарман, көрермендерге қызықты оқиға, құбылыстардың себеп-салдарын көрсетіп, олардың мағынасын, даму тенденциясын ашуды көздейді. Экрандағы көптеген қиын тапсырмалардың көркемдік құралы сан алуан. Шолуда үдеріс қадағаланатындықтан, жедел ақпараттық материалдармен қатар мұрағаттағы бейнематериалдар да автор ойының логикасымен сәйкестендіріле қолданылады. Кейінгі кезде шолудан бөлек **шолу-диалог** пайда болды. Мұнда шолушы әңгімелесушімен ең маңызды деген оқиғаны талқылайды. Сөйтіп ол әңгімеге айналып кетеді. Сондай-ақ телеэкранның таңқалдыратын мүмкіндіктері пайдаланылады. Олар: деректі кадрлар, фотоқұжаттар, бейнетаспа арқылы толықтырылады. Музыкалық, театрлық шолулардың өзіндік жанрлық ерекшеліктеріне орай халықаралық және спорт шолуларынан еш айырмашылығы жоқ. Өзгеретіні тек тақырып, жанрдың сипаты өзгермейді.

**Газеттік шолу** XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында дами бастады. **Шолу** дегеніміз – маңызды әлеуметтік оқиға, құбылыстардың байланысқан мазмұны десе де болады.

**Шолудың басты мақсаты** – оқиғаның көрінісін қалыптастыру, онда автор деректер мен оқиғалар, қоғамдық өмірден жан-жақты хабардар ету көздейді. Дерек, оқиға, шолудағы құбылыс жеке-дара қарастырылмайды, ол бүтіннің бөлшегі ретінде пайдаланылады. Шолушы дерек іздейді. Шолуда дерек басты заңдылықтың бірі ретінде қолданылады. Шолудың нысаны және тақырыбы шектеусіз. Тандалған деректер мен көрсеткіштер шолуда шындықты ашып көрсетеді. Шолу деректі іздеу, оларды таңдау, жүйелеу, толық көріністі көз алдымызға келтіру сияқты әрекеттерімен ерекшеленеді. Деректерді жинақтау барысында ой пайда болады. Шолудың басты құрамы ол авторлық комментарий болып келеді. Проблема шолудың қақ ортасынан орын алады. «Шолу ерекше туынды, оның негізінде басқа жанрда жоқ панорама ұстанымы жатыр. Ол сонысымен де ерекшеленеді» – дейді орыс ғалымы Е.П.Прохоров. Шолудың әр бөлімі жеке туынды емес, бүтіннің бір бөлшегі болып табылады. Шолудың бөлімдері бір-бірін толықтырып, бір бүтінді құрайды.

**Мазмұны бойынша шолуды келесі топтарға бөлген жөн:**

1.Жалпы шолу

2.Тақырыптық шолу

**Пішініне байланысты да мынандай түрге жіктеуге болады:**

1.Ақпараттық шолу

2. Сараптамалық шолу

3.Көркем-публицистикалық шолу

**Шолу** дегеніміз – болған оқиға мен құбылысты қадағалау және ол туралы көпшілікке ақпарат беру. Шолу көпсалалы ұғым. Ол өмір мен қоғамның барлық саласын дерлік өз бойына топтастырады. Қазіргі күндері газет беттері шолудың тек пішін емес, мазмұны бойынша да жіктелетінін дәлелдеп отыр. Газет беттерінен біз қазіргі таңда **тақырыптық шолуды** жиі кездестіреміз.

Шолу апталық немесе айлық басылымдарға да тән жанр. Шолу көбінде апталық немесе айлық оқиғаларға немесе қоғамның даулы мәселесінен туған оқиғаға құрылып жазылады. Шолу түрлі мақсатта жазылуы мүмкін. Бірі - хроникалық, яғни оқиғаның өрбуі, дамуы мен шиеленісуі. Екіншісі, белгілі бір хроника ескерілмейді, оқиғаға жалпы сипаттама беру. Үшіншісі, өзге ақпарат құралдарында шыққан мақалаларға шолу. Оның негізгі екі түрі жиі кездеседі: біріншісі мен екіншісі. Бірнеше басылымдардағы маңызды оқиғаларды хабарлайтын **ақпараттық шолу**, екіншісі, нақты бір тақырыпқа қатысты басылым беттерінде жарияланған кең спектрлі пікірлер топтамасын беретін **тақырыптық шолу**.

Байқау немесе шолу – талдау түсініктемесін қолдана отырып нақты оқиғалармен аудиторияны таныстыратын жанр. Басқаша шолуды «оқиғаның панорамасы» деп те айтуға болады.

### ***Шолу түрлері:***

1. Ішкі шолу – елдің ішіндегі өмір оқиғаларын қамтиды.
2. Халықаралық шолу – халықаралық өмір туралы ақпарат береді. Ол уақыты бойынша: күнделікті, апта сайын, ай сайын, жыл сайын жасалады.

### ***Тақырыбы бойынша:***

1. Саяси;
2. Экономикалық;
3. Спорттық;
4. Ауылшаруашылық;
5. Мәдени және т.б.

Шолудың басты түрі ретінде баспасөзге шолуды және хаттар шолуын атауға болады.

Сараптамалық жанрлар соңғы жылдарда ақпараттық жанрлармен бірге ақпараттық кеңістікте журналистік шығармашылықтың негізгі аясын ала бастады. Көбіне сараптамалық жанрлар орын алған газеттер пайда болды, бұған: «Панорама», «Кәсіби апта», «Айқын», «Алаш айнасы» және басқаларды жатқызуға болады. Шолу мақалаларында журналист өз пікірін ашық айтып, ойын қоса алады және оқиғаға баға беруге, өз ой-толғамдарын айтуға ерікті.

*Телешолу.* Телевидениедегі журналистік мамандықтар тізімінде репортерден, комментатордан кейін шолушы тұрады. Осы қызметтің болуы телевидениеде бұл спецификалық жанрдың нығайғанын көрсетеді. Шолу – сараптамалық публицистиканың тұрақталған, дәстүрлі түрлерінің бірі. Оны сипаттайтын негізгі ерекшеліктері: біріншіден, авторлық мақсатқа байланысты деректер топтастырылады; екіншіден, шолушы деректер арасындағы себептік қатынастарды ашып, олардың өзара әрекеттесуін қарастырады; үшіншіден, шолу зерттеу ауқымдылығымен ерекшеленеді; төртіншіден, шолу материалы хронологиямен шектеледі. Осы жанрдың пәні – қоғамдық оқиғалар, ал мақсаты - себеп-салдарлық байланысты ашу арқылы, олардың мағынасын анықтап, болашақ дамуының тенденцияларын көрерменге ұсынады. Шолуда тек ақпараттың жедел материалын ғана қолданбай, авторлық ой логикасымен топтасатын мұрағаттық бейнематериалды қолданған жөн.

## ***Сұрақтарға жауап беріңіз?***

- 1.Баспасөз жанрларын атаңыз?*
- 2.Мақаланың ерекшеліктерін айтыңыз?*
- 3.Очерк пен мақаланың қандай айырмашылығы бар?*
- 4. Журналистика теориясынан мақала жанрының қандай анықтамасын білесіз?*
- 5.Очерктің қандай түрлерін білесіз?*
- 6.Шолуды алғаш рет зерттеген ғалымдарды атаңыз?*
- 7.Шолудың басты мақсаты қандай?*
- 8. «Шолу» ұғымы қандай мағынаны білдіреді?*
- 9.Шолу түрлерін атаңыз?*
- 10.Газет публицистикасында мақалалардың қандай түрлері бар?*

## ***Пайдаланылған әдебиеттер***

- 1.Шындалиева М.«Публицистика жанрлары мен пішіндері». Астана, 2012.
- 2.В.В.Ворошилов. «Журналистика», Москва: «КноРус», 2008
- 3.Е.П. Прохоров. «Введение в теорию журналистики»: Учебник / М: Аспект Пресс, 2009. 351
4. В.Д.Пельт. «Дифференциация жанров газетной публицистики». – М.: Изд-во Московского ун- та, 1984
- 5.Баялиева Д. «Қазіргі қазақ баспасөзіндегі ұлттық, мәдениет, салт-дәстүр және тіл мен стиль мәселелері». Қарағанды, 2009.
- 6.<http://engine.org/ouli-astana-2012-azastan-respublikasini-bilim-jene-filim-minis.html?page=8>